

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА  
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС  
УНИВЕРСИТЕТІ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
050013, Алматы қ., Байтұрсынов к-сі, 126  
Тел.: 8(727)-2925740  
Факс.: 8(727)-2925057



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
АЛМАТИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ  
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ  
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
050013, г.Алматы, ул.Байтұрсынова, 126  
Тел.: 8(727)-2925740  
Факс.: 8(727)-2925057

**БҰЙРЫҚ**

20.02.14

**ПРИКАЗ**

№ 18

АЭжБУ оқушыларына  
материалдық көмек көрсету  
Ережесін бекіту туралы

АЭжБУ оқушыларының денсаулығын сақтау және әлеуметтік қорғау  
мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Алматы энергетика және байланыс университеті» Коммерциялық емес АҚ (АЭжБУ) оқушыларына материалдық көмек көрсету туралы Ереже бекітілсін (қоса берілді).
2. Факультет декандары оқушыларға материалдық көмек көрсетуде осы Ережені басшылыққа алсын.
3. ҚӘБ маманы С.Б.Жалбиева осы бұйрықпен университеттің факультет декандары мен сәйкесті құрылымдық бөлімшелерін таныстырсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ТӘЖ проректоры Е.А.Абдрахмановқа жүктелсін.

Ректор

Бұйрықты енгізген:

ТЖБ бастығы

Келісілді:

ОӘЖ проректоры

ТӘЖ проректоры


ҚӘБ бастығы-бас бухгалтер

Студенттер кәсіподақ

төрағасы м.а.


ҚҚС меңгерушісі


 Г.Ж.Даукеев

 З.А.Абдуллина

 С.В.Коньшин

 Е.А.Абдрахманов

 А.А.Ибраева

 К.Бекбатыров

 Г.Н.Бекжигитова

---

**ЕРЕЖЕ**

---

**«АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АҚ ОҚУШЫЛАРЫНА (СТУДЕНТТЕРІНЕ,  
МАГИСТРАНТТАРЫНА ЖӘНЕ ДОКТОРАНТТАРЫНА)  
МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ**

### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Бұл материалдық көмек көрсету туралы Ереже Коммерциялық емес АҚ «Алматы энергетика және байланыс университетінде» оқитын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға (ары қарай – оқушыларға) оларды әлеуметтік қорғау және денсаулықтарын сақтау мақсатында қабылданады.

1.2 Материалдық көмек көрсету АЭЖБУ-нің тек күндізгі бөлімінде оқитындарға және университеттің бюджеттен тыс қаражатынан төленеді.

1.3 АЭЖБУ-де оқушының материалдық көмек алуға оның университет ректорының атына жеке өтініші немесе деканның (студенттер кәсіподағының, тәрбие жұмысы бөлімінің) өтініші негіз болып табылады.

1.4 Университет әкімшілігі өтініштің дәйектілігін тексеруге құқылы.

### **2. МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ МӨЛШЕРІ**

Университет материалдық көмекті келесі жағдайларда және мөлшерлерде көрсете алады:

2.1 АЭЖБУ-де оқушының қаза болуына байланысты – 15 айлық есеп көрсеткіші (АЕК), бірмезгілді.

2.2 Ата-аналарының соңғысы, жұбайы, оқушының балалары қаза болған жағдайда – 10 АЕК, бірмезгілді.

2.3 Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын жетім балаларға және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға әр оқу жылына ректордың бекітуімен оқушыларды тамақтандыру шығын мөлшеріне сәйкес.

2.4 Туберкулезбен ауыратындарға және тубдиспансерде тіркеудегі оқушыларға:

- тамақтану үшін өтемге – 4,5 АЕК-нен кем емес, әр ай сайыноқу жылында;

- қоғамдық көлікте жүру үшін – 0,5 АЕК-нен кем емес, әр ай сайын оқу жылында;

- дәрі-дәрмек алу үшін – 1,5 АЕК-нен кем емес, бірмезгілді оқу жылында.

2.5 Оқушыға төтенше жағдай және табиғи апат салдарынан зиян тигенде – 10 АЕК, бірмезгілді.

2.6 Оқушы жалғызбасты ана қамқорлығында болса – 15 АЕК бір рет әр балаға оқу жылына;

2.7 Оқушы мүгедек болса – 10 АЕК, оқу жылына бір рет.

### **3. МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕКТІ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ**

3.1 Осы ереженің 2.2-2.7 тармақтарына сәйкес материалдық көмекке мұқтаж АЭЖБУ оқушысы университет ректорының атына №1 қосымшаға сәйкес №2 қосымшада көрсетілген қажетті құжаттармен өтініш береді.

3.2 Осы ереженің 2.1 тармағында көрсетілген жағдайда материалдық көмек факультет деканының немесе оның орынбасарының университет ректорының атына оқушының қаза болғанын растайтын құжаттар қосымшасы мен баяндама хаты негізінде оқушының туыстарына көрсетіледі.

3.3 Төтенше жағдайларда, декан факультетінің немесе оның орынбасарының өтініші негізінде қиын материалдық жағдайда материалдық көмек көрсетілуі мүмкін, оқу жылына тек 1 рет қана.

3.4 Материалдық көмек мұқтаж оқушыларға Бітірушілер қауымдастығы қоры және т.б. демеушілер есебінен көрсетілуі мүмкін.

3.5 №2 қосымшада көрсетілген қажетті құжаттар ұсынылмаған жағдайда материалдық көмек көрсетілмейді.

ТӘЖ проректоры



Е.А.Абдрахманов

ҚӘБ бастығы-  
бас бухгалтер



А.А.Ибраева

ТЖБ бастығы



З.А.Абдуллина

Студенттер кәсіподақ  
төрағасы м.а.



К.Бекбатыров

ҚҚС меңгерушісі



Г.Н.Бекжигитова

04.02.2014ж. АЭЖБУ ректоратының мәжілісінде қаралды және мақұлданды (хаттама № 3).

№1 қосымша  
АЭЖБУ оқушыларына материалдық көмек  
көрсету туралы Ережеге

АЭЖБУ ректоры  
профессор Ф.Ж.Даукеевқа  
\_\_\_\_\_ топ студенті, магистранты, докторанты

(аты-жөні)

(телефон нөмірі)

ӨТІНІШ

Маған материалдық көмек көрсетуіңізді сұраймын, себебі

(нақты себептерді көрсетіңіз)

Өтінішке қосымша мына құжаттарды ұсынамын:\*

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

Күні, қолы

Материалдық көмек көрсетілуі қолдаймын

Факультет деканы (декан орынбасары), аты-жөні, қолы, күні

Материалдық көмек көрсетуге келісемін:

Факультет профбюросының төрағасы \_\_\_\_\_

аты-жөні, қолы, күні

АЭЖБУ студенттер кәсіподағының  
төрағасы (төраға орынбасары) \_\_\_\_\_

аты-жөні, қолы, күні

№2 қосымша

АЭЖБУ оқушыларына  
материалдық көмек көрсету  
туралы Ережеге

Материалдық көмек алуға қажетті құжаттар тізімі

1. Оқушы қаза тапса:

- деканның немесе декан орынбасарының баяндама хаты;
- қаза болу туралы куәліктің көшірмесі.

2. Жұбайы, балалары қаза тапса:

- АЭЖБУ оқушысының жеке өтініші;
- қаза болу туралы куәліктің көшірмесі және қажетті жағдайларда, қаза болған адаммен туыстығын айғақтайтын құжаттар көшірмесі.

3. Соңғы ата-анасынан айырылғанда:

- АЭЖБУ оқушысының жеке өтініші;
- Ата-аналарының қайтыс болу куәліктерінің көшірмесі.

4. Төтенше жағдай және табиғи апат салдарынан зиян тигенде:

- АЭЖБУ оқушысының жеке өтініші;
- Төтенше жағдай және табиғи апат болғанын айқындайтын құжаттар (полициядан немесе ТЖ департаментінен анықтама және т.б.)

5. Бала жалғызбасты ана қарамағында болса:

- АЭЖБУ оқушысының жеке өтініші;
- АХАЖ-дан анықтаманың көшірмесі.

6. Мүгедек болса:

- АЭЖБУ оқушысының жеке өтініші;
- мүгедектік жайлы анықтама көшірмесі.

7. Қиын материалдық жағдай:

- АЭЖБУ оқушысының жеке өтініші;
- жанұя құрамы туралы анықтама;
- кіріс туралы анықтама (өтініш берген уақыттан соңғы үш ай бұрын) немесе кірістің жоқтығын айқындайтын құжаттар;
- қажет болса, ата-анасының қарамағындағы басқа жанұя мүшелері (оқу орнында оқитындар) туралы анықтама;
- ата-анасының бірі жоқ болған жағдайда – қаза болу туралы куәліктің көшірмесі, некенің бұзылуы туралы куәлік, АХАЖ-дан анықтама.